

2

Елдік мұрат
жолындағы таңдау

4

Фотоөнер өлмейді немесе
Жозефпен сырласу

Сыр бойы

№126 (21201) 25 тамыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЕЛІМІЗ ҮШІН ТАРИХИ КҮН

Мемлекет басшысы

Құрылтай сайлауында дауыс берді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай сайлауында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында орналасқан №520 сайлау учаскесінде дауыс берді. Мемлекет басшысы дауыс берген соң бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифингте осы саяси оқиға мен алдағы маңызды міндеттер туралы ой бөлісті.

— Шын мәнінде, бүгін — еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл — маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріміз білесіздер, куә болып отырсыздар. Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі сайлау — осы жұмыстың бастауы ғана, — деді Президент.

Мұнан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі

өзгерістерге қатысты бірқатар сауалға жауап берді.

Сағыныш ӘБІКЕЙ, «Хабар» телеарнасының тілшісі:

— Сіз конституциялық реформа тарихи өзгерістердің бастамасы екенін, ал түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті, келесі жылы да жалғасатынын айтқан едіңіз. Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі іске кірісіп, Вице-Президент лауазымы тағайындалғаннан кейін елде қандай өзгерістер болады?

2-бет



Қазақ қашанда отбасының бүтіндігін елдің тұтастығымен сабақтастырып, шаңырақтың шаттығын ұлттың бақытына балаған. Өке өнегесі мен ана мейірімі тоғысқан, үлкенге құрмет, кішіге ізет салтанат құрған отбасы — қоғамның ең берік тірегі. Осындай асыл құндылықтарды дәріптеген «Мерейлі отбасы — 2026» ұлттық байқауының облыстық кезеңі қорытындыланып, Сыр өңірінің өнегелі әулеттері құрмет төрінен көрінді.

«Құзыреттілік орталығында» өткен салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Глеумбетов, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйымдардың белсенділері мен байқауға қатысушы отбасылар жиналды.

Жылы жүздесуге, ізгі тілекке толы басқосуда отбасы құндылығының қоғам өміріндегі орны айрықша айтылды. Аймақ басшысы жиналғандарды байқаудың қорытындысымен құттықтап, отбасы қоғамның алтын дінгігі,

ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ



Қазақ қашанда отбасының бүтіндігін елдің тұтастығымен сабақтастырып, шаңырақтың шаттығын ұлттың бақытына балаған. Өке өнегесі мен ана мейірімі тоғысқан, үлкенге құрмет, кішіге ізет салтанат құрған отбасы — қоғамның ең берік тірегі. Осындай асыл құндылықтарды дәріптеген «Мерейлі отбасы — 2026» ұлттық байқауының облыстық кезеңі қорытындыланып, Сыр өңірінің өнегелі әулеттері құрмет төрінен көрінді.

ұлт руханиятының берік тұғыры екенін атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың отбасы институтының қоғамдағы орнына қатысты пікіріне тоқталды. Мемлекет тұтастығы берік отбасы мен саналы ұрпақ тәрбиесінен бастау алатынын айта келе, ата-ананың жауапкершілігін арттыру, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау баршаға ортақ міндет екенін атап өтті. Сондай-ақ отбасының мәртебесін көтеру, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру,

/// ӨРКЕН

90 ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Қаланың сол жағалауында тағы бір қоныс тойы болды. Бұл жолы екі көпқабатты тұрғын үйдің 90 пәтері әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларға табысталды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев жаңа қоныс иелерін құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қолжетімді баспана — арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз», — деген болатын.

Бұл бағытта Сыр өңірінде байыпты бастамалар сәтті жүзеге асуда. Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін жайлы баспанамен, әлеуметтік нысандармен қамту жүйелі жолға қойылған.



2-бет

ТАПСЫРМА БАҚЫЛАУДА

Бұған дейін облыс әкімі қаланың шағын аудандар тұрғындарына қолайлы орта қалыптастыру үшін тазалық пен абаттандыруға байланысты нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Тұрғындар Абай даңғылы бойындағы №62 үйдің ауласына балалар ойын алаңын салып беруді және ауланы жарықтандыруды сұраған.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев пен қала әкімі Нұржан Ахатов қаланың шағын аудандарын аралау барысында кезінде берілген тапсырмалардың нәтижесімен танысты. Аймақ басшысы бұл жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін ескерті.

«Астана», «Арай» шағын аудандары мен сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлер аулаларының, көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдарының тазалығы, абаттандырылуы тексерілді.

Аяқсу мәселесі де назардан тыс қалмады.



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

«СБ» ақпарат

/// САЙЛАУ - 2026

ДАУЫС БЕРУДІҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 23 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Құрылтайына депутаттарды сайлау бойынша дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУДІҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ						
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН						
Сайлаушылар саны Коллективно избирательные		Қатысты Принципи участие		Дауыс бергендердің алдын ала дерекі Предварительная явка		74,08%
«Әділет» партиясы	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы	Қазақстан Халық партиясы	«Ауыл» партиясы	«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы	«Республика» партиясы
						
Партия «Әділет»	Общероссийская социал-демократическая партия	Казахстанская партия зеленых «Байтақ»	Народная партия Казахстана	Партия «Ауыл»	Демократическая Партия Казахстана «Ақ жол»	Партия «Республика»
Дауыстар саны Количество голосов	6 528 948	469 058	97 751	285 395	574 621	478 083
%	71,17%	5,11%	1,07%	3,11%	6,26%	5,21%
«Баріне қарсы» дауыс берді Проголосовали «Против всех»						2,81%

Валюта бағамы:

\$ 456,88 kzt

€ 534,64 kzt

₸ 5,47 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +30°

🌙 +20°

Сәрсенбі

☀️ +32°

🌙 +21°

ЕЛІМІЗ ҮШІН ТАРИХИ КҮН

– Жұрттың бәрі Вице-Президент лауазымы туралы сұрап жатыр. Расында, бұл – айтулы өзгеріс. Біз Конституциямызға жаңа лауазымды арнайы енгіздік. Себебі қазіргі бұлыңғыр заманда мұндай лауазым елімізге өте қажет. Келесі аптада немесе он күн ішінде Вице-Президент кім екені мәлім болады. Мен оны қазір анық айта алмаймын. Ол белгілі, сіздер жақсы білетін адам болады деп ойлаймын. Тағы басқа реформаларды іске асырамыз. Мысалы, Қазақстан Халық Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Халық Кеңесі дегеніміз – жаңа орган. Кей-бір азаматтар Ассамблея туралы сұрап жатыр екен. Халық Кеңесі Ассамблеяның атқарған қызметін одан әрі күшейтеді деп ойлаймын. Бұл көпфункционалды, жаңа саяси тетік деп айтуға болады. Сондықтан Кеңестің жұмысы жемісті болатынына кәміл сенемін. Жалпы, жоспарымыз өте ауқымды. Осыған дейін айтқанымдай, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуды керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі. Емханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, басқа да нысандар салынады. Астанада жаңа көпір, Домбыра сарайы, Су ресурстарын зерттеу орталығы секілді маңызды нысандар бой көтереді. Қалаларды абаттандыру керек. «Таза Қазақстан» акциясын ойдағыдай жалғастыру қажет. Қоныстан қол қусырып отыруға болмайды. Бәріміз бір ел болып іске кіріскеніміз жөн. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, Отан үшін бәріміз күш салуымыз керек. Жалпы, саяси науқан жақсы өтті. Себебі жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды идеялар айтылды. Бұл Құрылтай еліміздің дамуына тың серпін береді деп ойлаймын.

Тамара Бааль, Vlast.kz интернет басылымының тілшісі:

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, жуырда Конституциялық сот жариялаған түсіндірмеге сәйкес, Сіздің Мемлекет басшысы ретінде Президент лауазымына қайта сайлануға құқығыңыз бар екен. Бұл жаналық қоғамды елең еткізді. Сіз өз құқыңызды пайдаланып, 2029 жылғы Президент сайлауына түсуді жоспарлап отырсыз ба? Президент сайлауы 2029 жылы өте ме, әлде кезектен тыс сайлау болуы мүмкін бе?

– Конституциялық сот осындай шешім қабылдады. Әлбетте, заң жүзінде менің қайта сайлануға құқығым бар. Бірақ алдағы уақытта сайлау өткізуге және оған қатысатыным немесе қатыспайтыным туралы сөз қозғауға әлі ерте. Біз еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді еңсеруіміз керек. Тұтас Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдырып, ең алдымен, азаматтарға арналған әлеуметтік нысандар салуымыз қажет. Бұл мақсатқа Ұлттық қордың қаржысын пайдалануға дайынмын. Халықтың игілігіне жарата алмасак, қаражатты шетелдерде құнды қағаз ретінде ұстап отырудың қажеті қанша? Қаржыны жай ғана ұстап отыруға қарсымын. Қаражат халқымыздың, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек. Өрине, әлемдегі жағдайға баса назар аударуымыз, жан-жақты талдауымыз қажет. Өздеріңіз бейбітшілікті сақтап, дамуға қарай бет алып келеміз. Экономикалық өсім анық байқалады. Мұны негізгі халықаралық қаржы институттарының бағасы да растады. Алдағы уақытта тағы жолығармыз. Бәлкім, келесі жылы... Сол кезде сізге нақты жауап беремін.

Рауль Ғабитов, «24.kz» телеарнасының тілшісі:

– Құрылтай іске кіріскеннен кейінгі өзгерістерге тоқталсаңыз. Сіздің ойынызша, жаңа заң шығарушы орган бірінші кезекте қандай заңдарды қабылдайды? Құрылтай депутаты қандай қасиетке ие болуы керек? Оның сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі қандай?

– Әлгіңде ғана айтқанымдай, алғашқы бір палаталы Парламент сайлауының тарихи мәні зор. Құрылтай сайлауына үлкен үміт артамын. Еліміздің дамуына тың серпін береді деп санаймын. Жаңа тұлғалар мен жаңа идеялар пайда болды. Жастардың ой-пікірін еркін жеткізіу, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосыу әрдайым қолдаймын. Депутаттар ең алдымен, заңның сапасына жауап береді деп сенемін. Екіншіден, олар берген уәделерін немесе бағдарламаларын орындауға тиіс. Үшіншіден, ел дамуына ықпал ететін заңдар қабылдануы керек. Қазір заман күрделі. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Сондықтан туған елімізді озық, заманауи мемлекетке айналдыру жолында күш-жігерімізді біріктіру керек. Бұл ретте Конституцияға бізге мол мүмкіндік береді. Біртұтас ел болып қабылдаған Жаңа Конституциямыз өте озық, мазмұнды құжат деп айтсақ, қателеспейміз. Сондықтан Ата Заң бізге, әсіресе, жастарға жарқын жол нұсқайды. Келешегіміз – жастардың қолында. Оған күмән жоқ.

Сайна Санакова, Atameken Business телеарнасының тілшісі:

– Заңға сәйкес, Құрылтай сайлауынан соң Үкімет жұмысын тоқтатауға тиіс. Соған сай Министрлер кабинеті жасақталады. Жаңа Үкіметтің бағыт-бағдары мен міндеттері жөнінде не айтасыз?

– Жалпы, Үкімет барынша табанды, жедел жұмыс атқарып, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындап отыр. Дүние жүзіндегі бәсекелестік күшейіп келеді. Нарықтың сын-қатерлеріне мұқият назар аударып, ең бастысы, тиісті деңгейде төтеп беруіміз керек. Әлбетте, Үкімет отставкаға кетеді. Үкімет құрамында біркрат өзгеріс болады. Ашығын айтқанда, дәл бүгін Үкімет жұмысына алаңдауға немесе оған сын айтуға қандай да бір негіз жоқ. Министрлер де, Үкімет жетекшісі де қолдан келгенше міндеттерін атқарып жатыр. Бірақ қадрлық өзгерістер әрдайым болады. Өйткені бұл

Үкіметтің жұмысына қан жүгіртеді. Мәселе біреуді орнынан босатуға емес. Мен жай сылтаумен жұмыстан шығаруға қашанда қарсымын. Әсіресе, қазіргі тілмен айтқанда, медиадағы контент немесе мазмұн үшін ауыс-түйіс жасаудың қажеті жоқ. Қадрлық шешім шын мәнінде жұмысқа тың серпін беруі керек. Бәріміз айтып жүрген жаңғыру үдерісі үздіксіз жүргізілуге тиіс. Өйткені бұл күрделі процесті алға жетелеп отыру қажет. Бұл істе Үкімет маңызды рөл атқарады.

Қымызы Жандос, «Еуразия бірінші» телеарнасының тілшісі:

– Сайлау науқанын жіті бақылаған боларсыз. Осы жолғы партиялар арасындағы саяси бәсекеңіз деңгейіне қандай баға берер едіңіз?

– Мен бұл мәселеге оң баға берсем, қателеспеймін. Меніңше, саяси науқан жақсы өтті. Өте ұтымды, мазмұнды теледебаттар болды. Жастарымыз пікірталастарды зор ықыласпен тамашалады. Оған бәріміз де куә болдық. Бұл жаңғыруымыздың жаңа кезеңі әрі қарышты қадам болды деп айта аламын.

Ділназ Ерланқызы, Jibek joly телеарнасының тілшісі:

– Сіз Мемлекет басшысы ретінде жастарға сенім артып, оларға ұдайы қолдау көрсетіп келесіз. Құрылтай депутаттығына үміткерлер арасында түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген жастар бар. Сіздің ойынызша, олар Құрылтай жұмысына серпін бере ала ма?

– Оны көре жатармыз. Біз жастарға сенім артамыз. Оларды кезінде түрлі лауазымдарға тағайындадық. Үкіметте жоғары қызмет атқарған жастардың бәрі өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындады деп айта алмаймын. Өрине, түрлі кедергі мен себеп кезігіп жатады. Дегенмен жастарға сенім артып, жауапкершілік жүктеу керек. Онсыз болмайды. Қазақстан – демография тұрғысынан жас мемлекет. Сондықтан жастарға зор сенім артамыз. Олар да бұған дайын болуға тиіс. Өйтпесе, кезінде министр болып, Үкіметке келген соң жұмыстың берекесін кетіргендер де болды. Бұған жол бермеуіміз керек.

Олия Магер, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі:

– Сіз баяндамаларыңыздың бірінде азаматтардың жүріс-тұрысының жаңа мәдениеті мен жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жөнінде айтқан едіңіз. Сіздің бастамаңызды бірқатар танымал азаматтар іліп әкетті. Көбінесе ұлттық тәлім-тәрбиеге сай ұстамды болып, адамды құрметтей білу қасиеттеріне арқа сүйеу қажет екені айтылып жүр. Өзгелерге құрмет, заң мен тәртіпті сақтау, өзінді сыйлау және жауапкершілік таныта білу азаматтарымыздың күнделікті дағдысына айнала ма?

– Білсеңіз, бұл іске өзім бастамашы болдым. Науқан емес, нақты іске. Өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім. Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған. Әсіресе, әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені көзге оғаш көрінеді. Бұл не масқара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыздар ма? Еркектер қолының үшын ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сол жымиса ғана жеткілікті. Өрқашан солай болған. Тіпті, осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеуденізге қойып амандасыңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жаңа жүріс-тұрыс әдебі туралы мәселе көтердім. Жалпы, бізге тазалық, тәртіп мәдениетін доріктеу керек. Қолымыздан келмейді деп кім айтты?! Біз де жасыл желекті жақсы көреміз. Қазір Астанада, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда оң өзгерістерге куә болып жүрісіздер. Біз өңір басшыларына жоғары талап қойдық. Осы іспен түпкілікті айналасамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында ғана емес, ой-санаңның, жан дүниенің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бірі айтқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек. Сонда ғана күллі әлемге таныламыз.

Айсұлтан Құлшыманов, Tengrinews ақпарат агенттігінің тілшісі:

– Сіз жасанды интеллектіні Қазақстанның жаңа экономикалық моделінің негізі деп атадыңыз. Быыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Межелі міндеттер орындалып жатыр ма? Цифрландыру мен жасанды интеллектінің күнделікті өмірге әсеріне қандай баға бересіз?

– Өте орынды сұрақ. Өйткені, 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Жолдауда осы тақырыпты қозғаймын. Біз цифрлық мемлекет құрудың, яғни цифрлық қызметтер ұсына алатын мемлекет болудың алғашқы кезеңінен өттік. Өзге елдермен салыстырғанда өзімізді әлдеқайда жеңілдеді. Мұны өздеріңіз де көріп, байқап жүрісіздер. Қазір көп шаруаны үйден шықпай-ақ шеше аласыздар. Бұрын мұның бәрін реттеуге уақыт жұмсап, табан тоздыруға тура келетін. Сондықтан цифрлық сервис көрсететін мемлекет ретінде қалыптасу қажет болды. Қазір келесі кезеңге қадам бастық. Үкіметке алғашқы сатыда қалып қоймай, халықаралық келіссөздер жүргізу жөнінде тапсырма бердім. Цифрландыру мен жасанды интеллект халыққа, еліміздің барша азаматына қызмет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, смартфон – ермек үшін ұстап, ертеден кешке дейін TikTok-қа телміретін құрал емес. Смартфонмен ақша таппақ болады. Мәселені осылай төтесінен қойған жөн. Әсіресе, бұл шаруаларға керек. Олар ауыл-аймақтан шықпай-ақ көсібін жүргізуге заманауи технологияны пайдалана алады. Алдағы уақытта Үкімет дәл осы міндетті орындайды.

ҚЫЗЫЛОРДА ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Қазақстан Республикасы Құрылтай сайлауы күні Қызылорда облысындағы 386 учаскеде 2720 комиссия мүшесі қызмет атқарды. Өңірде 500 591 дауыс беруші тізімге енгізілген. Қызылорда қаласында 132 учаске бар.



Азаматтардың учаскесін анықтауға арналған 4 онлайн сервис, уақытша тіркеу қызметімен айналысатын 5 учаске жұмыс істеді. Қимыл-қозғалысы қиын мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдау үшін 67 инватакси, 45 сурдоаудармашы ымдау тілі қызметін көрсетті.

Сайлаушылар дауыс беру учаскесін нақтылау үшін Call-орталыққа (109) және «Өзінді сайлаушылар тізімінен тексер» сервисіне (saylau.orga.gov.kz/ru) жүгінді. Әр азамат жеке сәйкестендіру нөмірін теріп, қай сайлау учаскесінде тіркелгенін және сол учаскесінің қай мекенжайда орналасқанын картадан онлайн көрді.

Сонымен қатар, telegram-бот (saylaukzo.Bot) және «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы тексеру мүмкіндігі қарастырылды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Құзыреттілік орталығындағы» №222 сайлау учаскесіне барып, Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берді. Тұрғындармен кездесіп, пікірлерін тыңдады.

– Жыл басында Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысында Президентіміз еліміздің алдағы стратегиялық бағытын айқындап, конституциялық реформаларды ұсынған болатын. Жалпы-

халықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституциямыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістерге жол ашып, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға мүмкіндік берді.

Бүгін өтіп жатқан Құрылтай депутаттарының сайлауы – Әділетті әрі Қуатты Қазақстанның жаңа бағдарын айқындайтын тарихи оқиға. Жаңа Құрылтай Парламенттік жүйенің тарихи сабақтастығын сақтап, егемен еліміздің жарқын болашағына қызмет етеді. Сыр жұртшылығы еліміздің ертеңіне бейжай қарамай, бүгінгі сайлауға да белсенді қатысады деп сенемін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сайлау учаскелерінде ұлттық ойындар, тақырыптық көрмелер ұйымдастырылып, өнерпаздар әннен шашу шашты.

Құрылтай сайлауына дауыс берудің алғашқы екі сағаттағы, яғни сағат 10:00-де жарияланған алдын ала деректері бойынша Қызылорда облысы көш басында тұрды. Сағат 12:00, 14:00, 16:00-дегі көрсеткіште де бірінші орында болды. Ал 18:00-де үздік үштікті қорытындылады.

Дауыс беру аяқталған сағат 20:00-дегі алдын ала мәліметтер бойынша Қызылорда облысы тұрғындарының 90,75 %-ы дауыс беріп, республикада үшінші орынға шықты.



ЕЛДІК МҰРАТ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАҢДАУ

Құрылтай сайлауы Сырдария ауданы тұрғындарының маңызы жоғары ортақ істегі ауызбірлігін көрсетті. Сайлау учаскелерінде дауыс беру талапқа сай жүргізіліп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қамтамасыз етілді.



Сайлау күні жергілікті спортшылар да белсенділік танытты. «Қайсар» қоғамдағы хоккей командасының мүшесі Асхат Ермағанбетов спортшылардың ел болашағына бейжай қарамайтынын атап өтті. Ал волейболдан құрама команда ойыншысы, аудандық спорт клубының жаттықтырушысы Ұлпан Дайрабаева Құрылтай сайлауында дауыс бергенін жеткізді.

Аға буын өкілдерінің сайлау учаскелеріне еркін жетугіне де жағдай жасалды. Ауданда автокөлік волонтерлері жасы үлкен тұрғындарды учаскелерге жеткізіп, дауыс беру процесіне қатысуына көмектесті. Бұл – жастардың үлкендерге деген құрметін және қоғамдық жауапкершілігін көрсететін игі бастамалардың бірі.

№156 сайлау учаскесінің төрағасы Қалихан Омаровтың айтуынша, дауыс беру барысы тұрақты әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

– Сайлау – ел өміріндегі маңызды әрі тарихи күндердің бірі. Көп тұрғындары сайлау учаскесіне келіп, азаматтық міндеттерін орындады. Дауыс беру тұрақты және жоғары деңгейде өтті. Құрылтай ел бірлігі мен қоғамдық ортақ мақсатты айқындайтын маңызды құрылым болғалы тұр, – деді ол.

Сайлау учаскелерінде тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында мәдени бағдарламалар да ұйымдастырылды. Аудан өнерпаздары ән шырқап, күй орындап, ұлттық өнерді насихаттады. Сонымен қатар кітап көрмелері қойылып, келушілерге рухани-танымдық әдебиеттер таныстырылды.

Осылайша Сырдария ауданында сайлау күні әр жастағы тұрғындардың азаматтық белсенділігімен ерекшеленді. Он сегізге толған жастардан бастап ардагерлерге дейін өз таңдауын жасап, ел болашағына қатысты маңызды саяси науқаннан қалыс қалған жоқ.

Назерке САНИЯЗОВА,

«Сыр бойы»

ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ

Ал III орын қызылордалық Бимұратовтар отбасына берілді. Әулеттің ақ жаулықты анасы Үбейарова Ұлмекен – Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен ардагер, «Батыр ана» атанған аяулы жан. Саналы ғұмырын отбасы мен ұрпақ тәрбиесіне арнаған ол бүгінде үлкен әулеттің берекесін ұйыстырып отырған калпірі ана. Бимұратовтар шаңырағында үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбексүйгіштік пен отбасылық бірлік секілді құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Сонымен бірге әр шаңырақтың өзіндік болмысын, еңбегі мен тәлімін айшықтайтын арнайы номинациялар табысталды. «Ұлағатты отбасы» аталымына аралдық Жұмағалиевтер, «Берекелі отбасы» аталымына қазалылық Шахмарановтар ие болды. Қармақшы ауданынан Тортаевтар отбасы «Бәйтерек отбасы», Қисовтар отбасы «Кемел отбасы» аталымымен марапатталды. Жалағаштық Түлековтерге «Жігерлі отбасы», Ахметовтерге «Ынтымақты отбасы» атағы берілді. Сырдария ауданынан Бисеновтер отбасы «Еңбеккор отбасы», Бұрхановтар отбасы «Өнегелі отбасы» аталымын иеленді. Шиелілік Әбішовтер «Мәуелі отбасы», жанакорғандық Ақылбековтер «Үлгілі отбасы», Әуелбековтер «Өнерлі отбасы» атанса, Қызылорда қаласынан қатысқан Бодановтар отбасына «Шуақты отбасы» номинациясы табысталды.

Жөніппаздар мен жүздегерлерге бағалы сыйлықтар мен қаржылай сертификаттар беріліп, салтанатты жиын мерекелік бағдарламаға ұласты.

Мерейі тасыған отбасы – мемлекеттің де мерейі. «Мерейлі отбасы» – жүзде үлестірумен шектелетін жарыс емес. Оның түпкі мұраты – әулеттің абыройын асырған әке мен ананың еңбегін елге таныту, берекелі тұрмыстың арқауындағы сыйластық пен жауапкершілікті жас ұрпаққа үлгі ету. Қазақтың «Отан – отбасынан басталады» деген бір ауыз сөзінде үлкен тағылым жатыр. Өйткені елге деген сүйіспеншілік те, еңбекке деген құрмет те, адамға деген мейірім де ең алдымен қарашаңырақтың табалдырығынан бастау алады. Берекесі мен бірлігі жарасқан Құтмамбетовтер, Бәкіровтер, Досқожаевтар, Бимұратовтар және өзге де өнегелі әулеттердің бүгінгі жетістігі – соның айқын көрінісі. Шаңырағы биік, керегесі кең, ұрпағы ұлағатты отбасылар көбейген сайын елдің де өнессі биіктей бермек. Себебі отбасының мерейі – Отанның мерейі.

Бағлан АМАНЖОЛ,

«Сыр бойы»

1-бет

90 ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Бүгін кезекте тұрған жерлестерімізге аумағы 7 мың шаршы метрден асатын 90 пәтердің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз.

Алдағы уақытта да шаһардың ажарын айшықтайтын заманауи үлгідегі тұрғын үйлер бой көтереді.

Жаңа қоныс құтты, шаңырақтарыңыз биік, босағасы берік болсын, іші береке мен мерекеге толсын! Әр отаудан бүлдіршіндердің

күлкісі естіліп, татулық салтанат құра берсін! – деді аймақ басшысы.

Рәсімде ел ағасы Бакберген Досманбетов сөз сөйлеп, тұрғын үйді салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Кейінгі төрт жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер беріліп, 30 мыңнан астам жерлесіміз баспаналы болды. 2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табысталып, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарлануда.

1-бет



Жуырда Дүниежүзілік фотография күні өтті деген хабар естіліп қалды.

Қырық бес жыл баспасөздерде үзіліссіз фототілші болып, 2014 жылы зейнетке шыққан марқұм Болат аға Омарәлиевпен жиі әңгімелесетін едім. Сол кісі: «Жәңгір ханның, Құнанбайдың, Шоқан Уәлихановтың фотоаппаратпен түскен суреттері бар» дейтін.

ФОТОӨНЕР ӨЛМЕЙДІ немесе Жозефпен сырласу

Б.Омарәлиев 1979 жылы «Социалистік Қазақстан» газеті жариялаған фотоконкурстың бірінші бәйгесін жеңіп алған. Одан кейін де республикалық басылымдар жариялаған бәйгелердің жеңімпазы болған. Кезінде КСРО-ның атынан ат үркетін «Советское фото» журналы, «Известия» газеті Омарәлиев түсірген бірнеше суретті көшіріп беріп, өз пікірлерін де жариялаған.

Осы өнерге күллі өмірін арнаған адамның білетіні де көп еді. Бірақ, бардың қадірін жоқта іздейтін мен бірінші ақымақ емеспін. Күнделікті күйбең, күйкі тірлік сөзінен асып, ағамыздың кеудесіндегі маржандарын сүзіп алып қалмағанымыз-ай, ә... Ол кісі тарихи тұлғалардың түсірілген суреттері туралы айтқанда, сөзіне тағы бір нәрселер қосқысы келген шығар, қалды енді, солай...

Қазір алдымызда «Google» деген тұңғыш тұр, керегінді тауып берді. Мен де сол біліштің көмегін алдым. Одан мынадай деректер шықты: «Жәңгір хан мен оның жұбайының (1840), Шоқан Уәлихановтың (1847) және Құнанбайдың (1853) фотопортреттері сақталған».

Негізі фотоөнердің тарихы 1826 жылдан бастау алады екен. Сол жылы француз өнертапқышы Жозеф Нисефор Ньепс деген кісі өзі түсірген алғашқы суретін жариялаған. Егер биылғы жылды адамзат фотоөнеріне екі жүз жыл десе жарасады.

Фотоөнердің қазаққа келуі де сол кезеңнің айналасы. 1840 жылы Жәңгір хан Ордада мектеп ашып, оқушыларды суретке түсіру үшін фотограф жалдапты. Сол кезде жеті жасар Шәңгерейді осы өнерге баулыған.



Шындығында, зерттеушілердің пікірінше, қазақтың тұңғыш фотографы Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Бөкейұлы болып есептеледі екен. Айтса айтқандай, оған дейін мына кісі түсіріпті деген фотосуретшінің есімі еш жерде жоқ.

Шәңгерей Орынбордағы қалет корпусында оқып, офицер шенін алған. Орыс патшасының негізгі ойы түсінікті. Қазақты және басқа Орта Азия елдерін бодандықта ұстау. Мұны әріден сезген Шәңгерей: «Мен халқымды жазалау үшін емес, ағарту үшін білім алдым» деп оқуын тастап кеткен.

Шәңгерей өте зерек, білімді болған. Өзі де өлең жазған, орыс ақындарының

шығармаларын да қазақшаға аударған. Мысалы, М.Лермонтовтың «Беглец» повесін қазақ тілінде сөйлеткен.

Сондай-ақ, ол мектеп ашып, оған ұстаздық ету үшін көп тіл білетін ағартушы, кейін қызыл өкімет қолынан қаз болған атақты Ғұмар Қарашты шақырған.

Ең бір қызығы, 1901 жылы Бөкей Ордасының 100 жылдығына орай, қазақ даласын ағартудағы еңбегі үшін II Николай патша Шәңгерей Бөкейге фотоаппарат сыйлаған. Осыдан кейін өзі бұрыннан жақсы білетін фотография өнері оның сүйікті ісіне айналған.

Негізі фотосуретке түсіру – бекзат өнердің бірі. Қазір фотоаппарат әрбір

смартфонда бар, сондықтан әркім-ақ суретке түсіре алады. Бірақ, қалай? Ол табиғат сұлулығын, адамның жүзінен оқылатын жан дүниесін мінсіз етіп көрсете ала ма? Жоқ, бар болған күнде ондайлар тым аз.

«Суретке түсірудің негізгі екі әдісі бар. Бірі – бейненің арнайы назарын аударту, екіншісі – тосыннан түсіру. Осының екеуіне де фотографияның шеберлігі қажет, ең бастысы, өз нысанасын сезіне білуі қажет» дейтін еді, Болат ағам.

Мен өзім оқушы кезімде «Зоркий» деген фотоаппаратпен суретке түсірдім. Қараңғы бөлмеде отырып, түнімен сурет шығаратынбыз. Әуресі көп, бірақ, алушылардың қызығушылығы шаршағанын ұмыттырып жібереді.

Осы күні суретке ынтам кеміді. Суретке түсіру оңай, кез келген жерде. «Адам суретке түскен сайын, соған беріліп, жаны кеми береді» дейтін еді, бір молдалар. Ай, біздің мүрдем кететін кезіміз келді...

Бір жылы «Тойда түсірілген суреттер» деген мақала жаздым. Фотограф әр мейрамханада жүр, қонақтарды дастарқан басына қаз-қатар тізіп қойып түсіреді де, солғын қылып шығарып қолына ұстатады, ақысы бар, әрине. Үйге әкеліп тастай саласын, үйіліп жата береді. Ол суреттерде сезім жоқ, тек «өдемі болып тұрмын ба» деген жасандылық қана бар. Астындағы жазуын алып тастасаң, қайда тұрғаның белгісіз, ештеңені еске түсіре алмайды.

Қайран, Жозеф екі жүз жылдан кейін өзін ойлап тапқан өнердің қадірі түседі деп ойламаған шығарсың. Алайда, қуанышты да қуармасын, қоғам өмірінде өтпелі кезең деген бар.

Біз фотосурет өнеріне қайта ораламыз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



Препарат сатылымға шықты

Жапонияда өңештің қатерлі ісігін емдеуге арналған әлемдегі алғашқы онколитикалық вирустық препараттың коммерциялық сатылымы басталды. Бұл туралы Kazinform Tokyo Brief-ке сілтеме жасап хабарлады.

Препаратта сау тігдерге зақым келтірмей, қатерлі ісік жасушаларын іріктеп жұқтыруға және жоюға арналған генетикалық түрлендірілген вирустар пайдаланады. Дәрілік зат зақымдалған аймаққа тікелей эндоскоп арқылы енгізіледі.

Бұл мақұлдау тек өңеш қатерлі ісігіне шалдыққан, радикалды хирургиялық араласу немесе химиотерапиялық терапияға қарсы көрсеткіштері бар науқастарға ғана қатысты.

Вирустық препаратты 2004 жылы құрылған жапон биофармацевтикалық компаниясы Oncolys BioPharma әзірледі. Терапия бастапқыда Окаяма университетінің бұрынғы профессоры жүргізген зерттеулер негізінде жасалды.

Компания өткен жылдың желтоқсан айында Жапонияның Денсаулық сақтау, Еңбек және әл-ауқат министрлігіне өндіріс пен сатуға рұқсат алу үшін өтінім берді. Осы жылдың маусым айында дәрі жеделдетілген мақұлдау алды.

Жер сілкінісі тіркелді

Кеше Бейжің уақыты бойынша таңғы сағат 8:26-да Сычуань провинциясының (Қытайдың оңтүстік-батысындағы) Ибинь қаласының Чаннин уезінде магнитудасы 4,7 болатын жер сілкінісі тіркелді. Бұл жөнінде Синьхуа ақпарат агенттігі хабарлады деп жазды Kazinform.

Қытай сейсмологиялық желілері орталығының (CENC) мәліметінше, жер сілкінісінің эпицентрі солтүстік ендіктің 28,33 градусы және шығыс бойлықтың 104,98 градусында, ал гипоцентрі 5 шақырым тереңдікте орналасқан.

Шаттл-автобустар іске қосылады

Тамыздың 31-інде тегін шаттл автобустары көрермендерді «Бішкек Арена» стадионында өтетін VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатына тасымалдайды, деп хабарлайды Kazinform агенттігі.

Қала әкімшілігінің мәліметінше, автобустар қала бойынша барлық ауданды қамту үшін белгіленген 21 орыннан жүре бастайды. Айта кету керек, автобустардың жұмысы нақты уақыт режимінде, соның ішінде бейтәспалар арқылы бақыланады. Бұл жол қозғалысы жағдайын бақылауға, қажет болған жағдайда жол қозғалысын реттеуге және кез келген мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Еске салайық, 31 тамызда Бішкектегі жаңа стадионда VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ауқымды ашылу салтанаты өтеді. Ал ойындардың негізгі спорттық, мәдени және ғылыми бағдарламасы 2-6 қыркүйек аралығында Ыстықкөл облысының Чолпон-Ата қаласы мен Қырчын шатқалында жалғасады.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МУЗЕЙДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ



стация, 3D-тур, жасанды интеллект элементтері арқылы таныстыруға мүмкіндік алады.

Келушілерге қызықты тақырыптар бойынша өз бетінше ақпаратты таңдауға және зерттеуге мүмкіндік беретін интерактивті сенсорлық панельдер (3 тілде – қазақ, орыс, ағылшын), тарихи тұлғалардың өмірбаяндары, археологиялық олжалар, этнографиялық мәліметтер, тарихи карталар мен диаграммалар қойылған.

XXI ғасыр – цифрлық технологиялар қарқынды дамыған кезең. Ел Пре-

зиденті Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыруды одан әрі дамыту және жасанды интеллектті жаппай ендіру мақсатында 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Үкіметке атаулы жылға қатысты шаралар қабылдауды тапсырды.

Жасанды интеллект пен цифрландыру дәуірі тарихи мұраны зерттеу, сақтау және көпшілікке таныту ісін түбегейлі өзгертіп жатыр. Әсіресе музей саласында жаңа технологиялар ғылыми талдауды тереңдетіп, келу-

шілерге интерактивті әрі әсерлі тәжірибе ұсынуға мүмкіндік береді. Болашақта музейлер тек экспонат сақтайтын орын емес, цифрлық зертхана, интерактивті білім беру орталығы және мәдени коммуникация платформасы ретінде дамиды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында жасанды интеллект дәуірінде мәдениет пен өнердің ролі ешқашан төмендемей тиіс екенін, осы салада инфрақұрылымды жаңғырту мен мәдени мекемелерді заманауи талаптарға бейімдеу қажеттігін нақты атап өтті. Бұл – ұлттың рухани негізін нығайтуға бағытталған маңызды әрі дер кезінде қабылданған шешім екені сөзсіз. Бүгінгі музей – жай ғана жәдігерлерді сақтайтын орын ғана емес, ол – тарих пен болашақты жалғайтын, заманауи технологиямен жабдықталған, жас ұрпақпен интерактивті байланыс орнататын жаңа форматтағы мәдени орта.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Айқын» газетіне берген сұхбатында мәдениет саласындағы цифрландырудың маңызына ерекше тоқталды. Министрдің айтуынша, цифрландыру тек есеп жүйесін жанар-түмен шектелмейді. Бұл – ұлттық мұраны сақтау, оны кең ауқымда таныту және келешек ұрпаққа жеткізудің ең тиімді заманауи тәсілі.

Сонымен қатар, министр мәдениет пен өнер шекарасыз болуы үшін цифрлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет екенін жеткізді. Кейінгі жылдары елімізде осы бағытта, яғни мәдени нысандарды цифрлық форматқа көшіру, автоматтандырылған жүйелерді енгізу бойынша нақты жұмыстар атқарылууда. Осы сөзіміздің айқын дәлелі – биыл іске қосылған E-museum веб-порталы. Бұл Қазақстан музейлерінің бірыңғай виртуалды алаңы болмақ. Платформа арқылы қолданушылар еліміздің мәдени мұрасын 3D үлгіде, интерактивті форматта көруге мүмкіндік алады. Жоба аясында қор электронды форматта үздіксіз жаңартылып отырады.

Қазіргі таңда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі жаңа компьютерлік технологиялармен бірге дамып келеді. «Табиғат және палеонтология» залында Сыр өңірінің флорасы мен фаунасы және Арал өңірінің суасты әлемі қамтылған арнайы TOUCH панель қойылған. «Археология» залында Сыр өңірінің брэндіне айналған Түгіскен көсемінің қару-жарақтары туралы мәліметтерді қамтитын SMART витрина орналасқан. «Қазақ халдығы» залында жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырларының ЖІ-мен жасалған TOUCH панель, ер қаруы – бес қару, қазақ батырларының пайдаланған қару-жарақтарының ЖІ-мен жасалған SMART витринаы көруге болады. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың бірінші жартысында болған Бұланты шайқасы туралы арнайы 5D инсталляция орын алған.

Сыр елі қазақтарының тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, қолданбалы өнерінен хабар беретін «Этнография» залында қазақ халқының зергерлік бұйымдар коллекциясы туралы арнайы видеопроектор, бүркіт-шінің аңға шыққандағы гиперреалистік бейнесі қойылған.

«Ерлік және даңқ» залында тари-

хи шынайылықты сезіндіретін майдан даласындағы ЖІ-мен жасалған жауынгер бейнесін көруге болады.

«Алаш-кеңес зиялылары» залында 1917 жылы құрылған қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі мен мемлекеттігін жаңғырту жолында күрескен Алаш зиялыларының 2D форматта тұлғалық портреттері сақталған.

Әлеуметтік желідегі Tik Tok парақшасынан ЖІ-мен жасалған музей қызметкерлерінің видеосын көруге болады.

Музейдің басты мақсаты – тарихи-мәдени мұраларымызды ғылыми-танымдық тұрғыдан жүйелеп, көпшілікке қолжетімді ету, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды саналы түрде жеткізу. Алдағы уақытта Мәдениет және ақпарат министрлігімен келісілген үш жылдық жоспар аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне тиесілі E-museum.kz веб-порталы одан әрі жетілдіріледі. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – музей заттарының 3D үлгілерін жасау.

Осы орайда, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі де E-museum веб-порталында жұмыс жүргізуде. Сайттан экспонаттардың 3D үлгілерін және 360 градус виртуалды турды үйде отырып-ақ тамашалауға болады.

Қазір көптеген музей виртуалды турлар ұсынады. Мысалы, The Metropolitan Museum of Art онлайн көрмелер ұйымдастырып, әлемнің кез келген нүктесінен келушілерді қабылдайды. Бұл мәдени мұраның қолжетімділігін арттырады.

Болашақта музейлер инновациялық, цифрлық және жаһандық мәдени орталыққа айналады. Мұндай жана-шылықтар келушілер санын арттырып, жастардың қызығушылығын күшейтеді.

Ұлан ШАҒАН,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	www.instagram.com/syrboyi_kz Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 19663	Тапсырыс №1447
Кезекші редактор Ғазиза ӨБІЛДА			